25-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Жан-Франсуа Маттеи (1941–2014)

4-тарау. Қазіргі философия

Философиялық шығармалар. Сөздік (1992)

Бұл соңғы еңбектің алдыңғы тарауларда біз шолу жасаған барлық шығармалардан өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда бір автордың туындысы немесе философтың кітабы жайлы емес, Жан-Франсуа Маттеи жетекшілік еткен шығармашылық ұжым ұсынған, әрі түйіндеген философияның күллі еңбектерін қамтыған кітап жөнінде сөз болып отыр. Бұл сөздік – философияның қайнар көзінен қазіргі кезге дейінгі шығармалардың жиынтығы.

Бұған бір бөлімді тұтас арнауды абзал санағанымыздың себебі – бұл еңбек бұрын-соңды болып көрмеген маңызды құрал болғандықтан ғана деп түсінген жөн. Бұл – философия тарихындағы олқылықтардың орнын толықтыратын теңдесі жоқ кітап. Сөздік – философияға қызығушылық танытқан мәртебелі оқырман мен философиялық шығармалардың кең-байтақ өрісі арасындағы дәнекер. Кітап оқырманға философиялық еңбектер жөнінде алғашқы түсінік береді. Ал сөздіктегі зерттеуші-маман жазған түйіндемелер шығарманың өзін оқуға және ұғынуға көмектесетіні анық.

Бұл кітапқа түйіндеме арнап жатудың еш мәні жоқ. Одан да қысқаша сипаттама беріп өтелік.

«Сөздік» жалпы көлемі 4616 бет болатын екі томнан тұрады. Бірінші томда біздің дәуірімізге дейінгі III мыңжылдықтан 1885 жылға дейінгі батыс философиясы өкілдерінің – философтардың шығармалары ұсынылған. Екінші томға 1889 жылдан 1990 жылға дейінгі батыс философиясының шығармалары, азиялық авторлардың толғаныстары, дәстүрлі қоғамдардың концептуализациясы, сондай-ақ каталог, көрсеткіштер мен кестелер енгізілген.

Энциклопедиялық еңбек

Бұл кітап 1981 жылы Андре Жакобтың ойға алған жобасының нәтижесінде көп томдық еңбек түрінде жарық көрген энциклопедиядан өз орнын иеленген. Андре Жакоб жетекшілігіндегі ұжым жазған «Философиялық ғаламға» арналған бірінші томда философия проблемалары ұсынылған. Сильвен Орудың жетекшілігімен құрастырылған екінші том «Философиялық ұғымдар» жөнінде мағлұмат береді. Бізді энциклопедияның үшінші томы көбірек қызықтырды. Өйткені онда «Философиялық шығармалар» туралы жазылған. «Шығармалардың» бұл бөлімінде бізде жазудың пайда болуынан бастап, қазіргі кезге дейінгі хатқа түскен және философияда өзіндік орны бар түпнұсқалар, кітаптар мен эсселер берілген. Жан-Франсуа Маттеи түрлі білім салалары бойынша өз маңына білікті мамандарды топтастырып, белгілі бір таңдау жасаған. Таңдау жасау – мұндай істе қашанда қиын сәт. Нені алған жөн? Нені қалдырамыз? Дегенмен «таңдау», ең алдымен, жазбаша философиялық мұраны есепке алу керектігін білдіреді. Мұнда тағы да қиындыққа тап боламыз. Олардың әрқайсысын таңдаудың өлшемі ретінде алынған әдеби шығармаға қарсы қоя отырып, қайсысының философиялық шығарма екенін анықтап алу қажет. Сонымен бірге кейінгі жылдары шығармалар деңгейінде философия көп түрленді. Шындығында, Фридрих Ницшенің үзінділері мен ол «жұмысшы философтар» деп атағандардың диссертациялары, Уайтхед пен Бертран Расселдің «Математика принциптері» мен Анри Бергсонның «Күлкісінің» арасында ортақ не бар? Сондай-ақ, Жак Дерриданың «Пошта қағазы», Витгенштейннің «Трактаты», Бланшоның «Таусылмас әңгімесі» немесе Калиновскийдің «Деонтикалық логиканың зерттеуі» жөнінде не айтуға болады? «Философия дегеніміз – ой қорыту», – дейді Гегель. Әйтсе де бүгінде кей шығармалардың авторлары қайта жаңғыртудан аса алмай жүр.

Шығармаларды іріктеу

Шығарманың ойлы мәні мен оның тарихи құндылығының ұштасуы іріктеудің негізгі өлшеміне айналған. Мамандар бір ауыздан маңызды деп таныған шығармалардың бәрін ескеру сөздікті құрастырудың шарттарының бірі болды.

«Сөздікте» 5 400 автордың 9 000 шығармасы бөліп алынған. Шығармаларға 1 400 философ түйіндеме жазған. Айта кететін тағы бір жайт: олардың көбі – кезінде осы еңбектерді зерттеумен айналысқан ғалымдар. Ұсынылған еңбектер оның авторы және өзінің жазылған уақытымен сәйкестірілген. Жіктеудің мұндай жүйесі өте қызықты әрі пайдалы. Егер біз көрнекті авторды қарастырғымыз келсе, онда аталған жүйе оның шығармаларының түйінін жылнамалық ретпен беруге мүмкіндік туғызады. Ницше немесе Гуссерль жайында сөз қозғалса, еңбектерін біз ұсынып отырған екі авторға сілтеме жасау үшін, қарастырылып отырған шығарма сол автордың көрсетілген еңбектеріне жөн сілтейді немесе жақында жарық көруі тиіс жұмыстар жөнінде ақпарат береді. Автордың ілгеріде немесе кейін жазылған шығармаларына синтездік тәсілмен қол жеткізудің өзі оқырман үшін мол дүние. Философ сонымен бірге өз ойын көбінесе өзге философтарға, я теоретиктерге сілтеме жасау түрінде немесе осы авторлардың шығармаларына сүйене отырып құрады. Біз зерттеп отырған, авторы үшін маңызды шығарманың қазіргі кезде ондай маңыздылығы болмауы мүмкін. Сондықтан ол еңбектер көбінесе кітапханада да жоқ болады. Ал осы сөздіктен біз сондай шығармалардың түйіндемесін таба аламыз. Осы қысқаша сипаттаулар арқылы оқырман шығармалар жөнінде нақты мәлімет алады. Ал бұл нәтижесінде зерттеліп отырған философты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Амалсыздан болатын олқылықтар

Әрине, мұндай ауқымды шаруаның барысында амалсыздан болатын олқылықтардың кездесуі табиғи жағдай. Мысалы, Ницше туралы тараумен жұмыс істеу барысында мен ол көптеген шығармаларында үнемі сілтеме жасайтын Пауль Ренің 1877 жылы жарық көрген «Адами сезімдердің шығу тегі» еңбегінің мәтінін тауып алдым. Алғашында бұл кітапты іздеп таппадым. Қалай болғанда да, сөздікте осы кітаптың қысқаша мазмұны берілді.

Пауль Ре сөздіктің 1889–1939 жылдар аралығындағы кезеңіне, ал Ницше оның алдындағы кезеңге енгізілген. Ал философиялық тұрғыдан қарасақ, Пауль Рені Ницшенің замандасы, тіпті оның ізашары десек те болады. Сондықтан осы екі ойшылдың бір бөлімде берілгені дұрыс еді.

Әрине, зерттеуші мамандар алдымен өздері жақсы білетін авторлардың сөздікте берілгеніне көз жеткізгісі келеді. Өз тарапымнан алғанда, Лө Пленің «Әлеуметтік әдісі» мен Лефеврдің «Жиынтық пен қалдығының» осы сөздікке енбей қалғаны мен үшін өкінішті жайт. Мен бұл екі еңбекті аталған сөздіктен орнын алуға тиіс аса маңызды шығармалар ретінде қарастырамын. Жалпы айтқанда, Анри Лефевр жөнінде жазылған мақала мен библиография жеткіліксіз, әрі толық емес. Мысалы, Лефеврдің «Мен марксизм туралы не білемін?» кітабы мүлдем аталмаған. Ал бұл кітап – 1947 жылдан бері Францияның университеттік басылымдарының бестселлерінің бірі. «Жиынтық пен қалдықтың» үшінші басылымы да сөздікте жоқ болып шықты. Рас, екінші басылым туралы айтылады. Дегенмен мұнда да екінші басылымда кітаптың қысқаша мазмұны баяндалғаны және т.б. мәселелер анықталмған. Осыдан кейін олардың редакциясымен Лефеврдің қазіргі заманғы еңбектерімен – француз, неміс, ағылшын немесе жапондық зерттеулерімен таныстығы жоқ адам айналысқан ба деген ойға еріксіз келесің. Өйткені жеке өз басым осы автор жөнінде көлемді кітап жаздым, оның көптеген еңбектерін қайтадан бастырып, оларға түсіндірме бердім. Сол жұмыстардың негізінде дәрістер оқыдым. Сондықтан осы асығыс құрастырылған бөлімге сыни тұрғыдан қарауым түсінікті шығар. Сөздікті құрастыру барысында жіберілген осындай реніш туғызатын келеңсіздіктерді айтпағанда, мен көптеген пайдалы сілтемелерді таптым. Сондықтан осы шығармалар сөздігінің қалған барлық бөлімдерімен жұмыс істегенде ең негізгі дүние осында екенін естен шығармауымыз қажет. Түйіндей келе, барша мақалаларды автормен және оның шығармаларымен жете таныс адамдар әзірлегенін атап көрсеткім келеді.

Сөздіктің құрылымы

Жіктеудің кейбір кемшіліктеріне қарамастан «Сөздікті» кезеңдерге бөлуді қанағаттанарлық деп бағалауға болады. Мысалы, батыс шығармаларын жіктеу барысында сөздік алты кезеңге бөлінген: Антика, Орта ғасыр мен Қайта Өрлеу, Классикалық дәуір, Модерн, Гуманитарлық

ғылымдардың өркендеуі және Қазіргі заманғы ой. Сөздікте ұсынылған көптеген бүгінгі авторлардың еңбектері өте маңызды. Өйткені, біріншіден, олар өткен философиялық кезеңдердің классиктеріне жиі түсіндірме жасайды. Екіншіден, толып жатқан заманауи зерттеулер сан алуан болғандықтан, оларға бір ғана адамның шолу жасауы мүмкін емес. Сондықтан соңғы бөлімді оқу қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан зерттеулермен танысуға мүмкіндік береді. Бұл да маңызды. «Философиялық шығармалардың» «Гуманитарлық ғылымдардың өркендеуі» немесе «Қазіргі заманғы ой» туралы бөлімдерінде онтология мен метафизиканы қамтитын «жалпы философия» деп аталатын дәстүрлі философияның кеңістігі көрсетілген. Алайда философияны тікелей немесе жанама түрде қызықтыратын білім салаларының көптігі сонша, олар сөздік белгілеген шекаралардан айтарлықтай асып түскен.

Миф, дін, ғылым, медицина, психиатрия, этика, саясат, құқық, логика, эпистемология және эстетика жөніндегі мол деректер қамтылған. Сонымен бірге сөздіктен антропология, тарих, география, психоанализ, психология, әлеуметтану, лингвистика, сол сияқты «әлем концепциясын теорияға айналдыру немесе теорияландыру мақсатымен мойындалған ұлы философтардың еңбектерін бағамдауға атсалысуды» қолға алған сәттен бастап эзотеризм бойынша авторларды да тауып алу мүмкіндігі бар.

Сөздік «Гуманитарлық ғылымдардың өркендеуі» бөлімінде іріктеліп алынған 1588 шығарма жайындағы 746 мақаланы ұсынады. «Қазіргі заманғы ой» бөлімінде 1112 автор және 2150 шығарма берілген.

«Қазіргі заманғы ой» бөлімі бүгінгі философия туралы толғаныс тұрғысынан алғанда өте қызықты. Адамзат тарихында бірде-бір дәуір дәл осы біздің заманымыз сияқты жемісті болған емес. Азия философиясына жол салу да – керемет бастама. Соның ішінде Батыста тұңғыш рет жүйелі түрде шығыстық ойға сүйенген Шопенгауэрдің шығармашылығын байыптағанда да оған ерекше мән берілген. Ницшенің «Мораль генеалогиясынан» кейінгі философияда шығыстық ойға өте жиі зер салынып келеді. Сол себепті аталған бөлімнің бүгінгі оқырман үшін берері мол болары анық.

Бөлімдерді ұйымдастыру

Бөлімдер былайша құрылған: алдымен автор жөнінде мәлімет, содан кейін ғана оның шығармаларына түйіндеме беріледі. Әрине, авторлардың өмірі кейде ықшам беріліп, ал оның өмірбаяны шығармасын дұрыс ұғынуға мүмкіндік туғызатын жағдайларда деректер молынан қамтылып баяндалған. Бір қызығы, сөздікте айтулы ойшылдармен қатар аса танымал емес философтар да жүр. Демек, «Сөздіктен» көбінесе кітапханадан табу қиынға соғатын, екінші деңгейлі авторлар жөнінде де мол ақпарат алуға болады. Сонымен бірге әр бөлім екі библиографиямен толықтырылған. Біріншісіне – ұсынылған автордың еңбектері, сонымен қоса француз тіліне аударылғандары да, екіншісіне – қарастырылып отырған шығармаларға қатысты барлық тілдердегі зерттеулер, түсіндірмелер енгізілген.

Мақалалардың стилі

Енді осы «Сөздіктің» стилі туралы айту ғана қалды. Мұнда бірыңғай стиль жоқ. Бір мақалалар түсінікті, ал кейбіреулері, шын мәнінде, өте күрделі жазылған. Бұл редакторлардың көптігінен ғана емес, сонымен бірге ұсынылған жұмыстардың күрделілігіне де байланысты.

«Сөздікті» оқығанда түйіндеме берудің бірнеше тәсілін кездестіреміз. Соның ішінде аналитикалық және ұғымдық талдау басым болып келеді. Аналитикалық түйінде ұсынылған шығарманың мәні қарастырылады. Онда автор аталған еңбектің әр бөлігіне тиісті орын беру міндетін алға қойған. Хайдеггердің «Болмыс және уақыты» туралы А.Л. Келькельдің жазған мақаласы осындай негізде құрылған.

Оның жазған тамаша мәтіні бізге кітаптың мазмұны жайлы толық түсінік береді. Ал мақаланы түсініп қабылдаудың қиындығы түпнұсқа мәтінінің күрделілігіне байланысты. Басқа бір бөлімдерде ұғымдық талдауға көбірек мән беріледі. Мысалы, Гегельдің «Құқық

философиясының ұстанымдары» аналитикалық формада берілмеген. П.Ж. Лябарьер шығарманы егжей-тегжейлі қарастырмайды, ол еңбектің мазмұндық құндылығын ашып, сонымен бірге автордың бүкіл шығармашылығында ол қандай орын алатынын көрсетіп, оның орнын анықтауды жөн көреді. Маркстің «Неміс идеологиясы» жөнінде жазылған Максимилен Рюбелдің түйіндемесіне қатысты да осыны айтуымызға болады. Сонымен, мақалалардың формасы көбіне түпнұсқалардың табиғатына сәйкес анықталған. Кітапқа түйіндеме жасау, шын мәнінде, таза философиялық жұмыс. Кітапты дұрыс түсінуді қамтамасыз ету үшін негізгі сәттерін, баяндау тәсілдерін анықтау қажет. Осы тұрғыдан алғанда «Сөздік» философиялық шығармаларға қатысты түрлі стильдер мен ұстанымдардың мысалдарын береді. Ол «Сөздікте» берілген шығармалар деңгейінде ғана емес, сонымен бірге редакторлар жұмыс барысында пайдаланатын тәсілдер деңгейінде де қазіргі философия әлемін зерттеудің құралы саналмақ.

Түсіндірме

Бұл жерде ғалам философиясына басқалардан гөрі көбірек жол ашуға мүмкіндік беретін еңбек, ерекше құрал жайында сөз болады. Философиямен жұмыс істеу, әдетте, жазылған дүниенің өн бойы арқылы жүреді. Өйткені онда философиялық танымның бүкіл қазынасы мен сан түрлі болмысы жинақталған. Осы қазынамен танысу – философияны, әрі оның әрқилы болмысын танудың, игерудің ең озық тәсілі.

Менің пікірімше, антикалық дәуірден XIX ғасырға дейінгі кезеңдерді «Сөздіктің» өте сәтті шыққан бөліктері ретінде айтсақ болады. Орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуірі жөніндегі зерттеулерді тіпті ғажап дүние дей аламыз. Өте сирек кездесетін және жарияланбаған қолжазбалар талданған мұсылмандық, еврейлік, эзотерикалық және алхимиялық ой жөніндегі зерттеулерді де ерекше атап өтуді жөн санаймын. Сөздіктің үлкен бір бөлімі жазбаша мұрасы жоқ қоғамдарға арналған. Колумбқа дейінгі барлық қолжазбалардың санағын жүргізу – бұл шын мәнінде айрықша оқиға. Мұндайды бірде-бір, тіпті арнайы еңбектің өзінен таппайсыз. Үндістанға арналған бөлімді айрықша атап көрсетуге болады. М. Юлен, Ж. Бюго және олардың әріптестерінің атсалысуымен мұнда көптеген аса маңызды түпнұсқалар енгізілген. Олардың арасында Панинидің «Грамматикасы» да бар. Ал осыған байланысты Жапонияға арналған бөлімнің сын көтермейтініне қынжылмасқа амалымыз жоқ. Таныстырылып отырған «Сөздікті» Дени Гюисманның жетекшілігімен құрастырылған «Философтардың сөздігін» оқудың құндылығымен толықтыруға болады. Осы екі томдық еңбек философияны философиялық шығармалар авторларының өмірбаяндық контексінде қарастырады.

Философияның мазмұны шығармаларды, сондай-ақ оның авторының бітім-болмысын тұтас тануда кеңінен ашылады. Философтың өрлеу бағытын, оның шығармалары мен шығармашылығының қалыптасу үдерісін көрсету – басқа авторлардың еңбектерін оқудың философиялық ойды қалай қалыптастыратынын түсіну үшін ерекше пайдалы. Философиялық еңбектің өмірбаяндық контекстегі рөлін анықтаудың педагогикалық мәні зор. Сондықтан Дени Гюисманның идеясы Жан-Франсуа Маттеидің жоспарына тамаша демеу болғанын айтуымыз керек. Аталған «Сөздіктің» екі басылымы жарыққа шықты.

Олардың бір-бірінен айырмашылығы жетіп артылады. Мәселен, екінші басылымда бірінші басылымда берілген жүздеген бөлімдер түсіп қалған. Бір ғана мысал келтірейін, мұнда Рене Шерер көрсетілмеген. Өз басым бұған қатты өкінемін. Рене Шерерді қазіргі философтардың, аса маңызды ойшылдардың бірі деп есептеледі. Сондай-ақ, екінші басылымда кей бөлімдер қысқартылған. Дегенмен екінші басылымда көптеген жаңа бөлімдер де қосылған. Мысалы, Вена үйірмесі, Падуя, Альто мектептері жөніндегі ақпараттарды таба аламыз. Бұл екінші басылымдағы жаңашылдықтарды көрсетеді. Жалпы алғанда, екі еңбекте де 1945 жылға дейінгі философияға қатысты дүниелер қамтылған. Біздің заманымызға келетін болсақ, зерттеу әдістерінің әр түрлі болғанына қарамастан, екі сөздікте де қазіргі кезеңдегі философиялық бағыттар бойынша жан-жақты түсініктер берілгені.

Осы мәселені және философия алаңы бойынша сөздік құрастыруды зерделеуде, жалпы философияны қазақ тілінде оқытудың түйткілді тұстары бар екендігіне және осы орайдағы өзекті мәселелердің әлі де толық шешімін таппағандығына көз жеткіземіз.